



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02  
ББК 74.00  
И 63

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02  
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

Қорыта келе айтарым, «Кел, балалар оқылық!», – деп ұрандатып, әр қазақтың білімсіз жүрген қара түнегіне жаққан шамдай болып жарқ еткен, әрбір жүректің төрінен, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің және тарихының төрінен ойып тұрып орын алған, әр қазақтың жүрегінде тек жақсы атымен қалған Ы.Алтынсарин туралы қанша айтсақ та, аздық етері сөзсіз. Өз ғұмырын ұстаздық жолына, халық игілігі мен ілім – білімге, болашақ ұрпақты тәрбиелеуге арнаған жан – жақты қазақтан шыққан тұңғыш халық жанашыры бола білді. Әр оқыған әңгімесінен, ертегілері мен кітаптарынан ерекше әсер алып, дүниеге мүлдем жанашыр көзбен қарай алатындай, әр адам бір оқығанынан – ақ өзін – өзі тәрбиелеп жетілдіре алатындай жоғары деңгейде жазған деп ойлаймын. Қиындығы мен қызығы қатар жүретін мұғалімдік жолында да қабырғасы қайыспаған, Абайша айтқанда бала оқытудан жалықпаған, С.Көбеевтей шәкірттерді тәрбиелеуі арқылы нағыз ұстаздың қандай болуы керектігін көрсеткен қайталанбас, қазақтың жүз жылда бір туатын асыл қазынасы деп білемін. Ы.Алтынсарин мен С.Көбеевтің олардың ағартушылық қызметтерінің тағылымы мен шығармашылық мұралары ұрпақ үшін қашан да болмасын баға жетпес рухани қазына болып қала береді. Сөз соңын «Қазақ деген – жасанды мінезі жоқ, қарапайым халық, бірақ сол қарапайымдылығының өзінде оның, көп жақсылығы жатыр», «өз елімізге қолдан келгенше қызмет ету – біздің әрқайсымыздың борышымыз» – деп, айтқан, «Барлық қазақ жастары менің соңымда, олар мені жақсы көреді мен қайтып жалғыз болайын?» деген халықтың сүйген ұлы кемел адам Ыбырай Алтынсаринның ұлағатты сөзімен аяқтағым келіп отыр. Оның сарқылмас мұраларын ұрпақтан – ұрпаққа насихаттап, жаққан шырағын өшірмеу, әрқайсымыздың басты міндетіміз.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. С.Оспанұлы «Ыбырай жолы», Қостанай, 2021 ж. 482 б.
2. С.Калиев, К.Аюбай «Антология педагогический мысли Казахстана» Алматы, Сөздік Словарь, 2012, 448 с.
3. Ы.Алтынсарин мұражайы «Ыбырай Алтынсарин мұрасының әлеуметтік, педагогикалық, өнегелі әлеуеті және қазіргі заман» баяндамалар жинағы, Қостанай 2011 ж. 387 б.

ӨОЖ 37.034

### ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН МЕН СПАНДИЯР КУБЕЕВТІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕЙТІН ТАПТЫРМАС ҚҰРАЛ

*Маркина Зейнеп Бакитжановна  
Тургаева Гульсара Аманжоловна  
Кельдибаева Бағиткуль Аманжоловна  
А.М.Горький атындағы гимназияның  
қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің мұғалімдері  
Қостанай қаласы, Қазақстан  
E – mail: gulsara.turgaeva.75@mail.ru*

#### Аңдатпа

*Өзектілігі мен мақсаты: Өсіп келе жатқан жастарды елін, жерін сүюге тәрбиелеу. Халқымыздың ұлы тұлғаларын дәріптеу. Ұстаздың ұлағатты ісін құрмет тұту. Адамгершілік қасиеті мол рухани бай, жан – жақты дамыған жеке, дарынды тұлғаны қалыптастыру.*

*Түйінді сөздер: өлең, шығармалары, үйретеді, ұстаз, шәкірт, тұлға.*

#### Аннотация

*Актуальность и цель: Воспитать подрастающую молодежь любить свою страну и землю. Прославление великих личностей нашего народа. С уважением относится к большому труду учителя. Формирование духовно богатой, всесторонне развитой личности, талантливей личности, обладающей множеством нравственных качеств.*

*Ключевые слова: стихотворение, произведения, учит, учитель, ученик, личность.*

#### Abstract

*Relevance and purpose: Educating the growing youth to love their country. Glorification of the great personalities of our people. Respecting the great work of the teacher. Formation of a spiritually rich, comprehensively developed individual, talented person with a lot of moral qualities.*

*Key words: poems, works, teaches, teacher, student, personality.*

Ыбырай атамыз ұрпақ тәрбиесіне үлкен баға жетпес із қалдырды. Ол қазақ халқының жүрегінде ойып орын ала білді. Оның жазған шығармаларын сан ұрпақ әлі де оқып тәлім ала бермек. Ол қалдырған із мәңгілік өшпес із, мәңгілік өшпес өмір деуге болады. Ыбырай атамыздың артынан

шәкірттер еріп, оның армандаған арманын асқақтатқан еді. Сол шәкірттерінің бірі – Спандияр Кубеев. Ыбырай Алтынсарин мен Спандияр Кубеев бүкіл саналы ғұмырын оқытушылыққа, білімге арнаған халқымыздың бағына туған ұлдары десек те болады. Спандияр Кубеев ұстазы Ыбырай Алтынсарин тәрізді педагогтік қызмет пен жазушылықты шебер ұштасыра білді. Бұл ұлылық ұстаз бен шәкірттің халқы үшін еңбек сіңіргендігінің айқын көрнісі болып табылады. Ұлтымыздың кемеңгер ұлдары балаларды оқу – білімге шақырып қана қоймай, оларға арнап оқу құралдарын жазды. Ыбырайдың «Қазақ хрестоматиясы» үлгісімен жарық көрген «Үлгілі тәржіма» мен «Үлгілі бала» жинақтарындағы мысал өлеңдері мен әңгімелерінің қай – қайсысын болсын алып қарасақ, балаларға арналмады деп айта алмаймыз. Оның бәрі ұрпақ тәрбиесіне бағытталған. Ұлы тұлғаларымыз елі үшін аянбай еңбек еткен. Спандияр Кубеевтің мысалдары өлеңмен де, қарасөзбен де жазылған. Бұл оның шеберлігін көрсетеді. Олардың арасында идеялық, тақырыптық, тіпті сюжеттік тұрғыда бір – біріне ұқсас келетін шығармалары да бар. Мәселен, ақынның өлең түріндегі «Арыстан мен тышқан» және қарасөзбен жазылған «Құмырсқа мен көгершін» мысалдарының мазмұны бір – біріне ұқсас болып келеді. Екеуінде де хайуанның мүшкіл халге түсуі бар және оған ойламаған жерден берілетін көмек те бар. Көмекке көмек жақсылық емес пе? Ол көмек – бір кездегі жасаған жақсылықтың өтеуі болмақ. Жақсылыққа – жақсылық адамдықтың ісі дейміз.

«Арыстан мен тышқан» мысалында әлеуметтік астар айқын және анық байқалады. Мұнда әлдінің әлсізді өзіне тең көрмеушілігі туралы айтылады. Автор «нашарды күшті кісі көңіліне алмас, теңгеріп өз бойына асыл жүрмес» дейді. Арыстан «кезі келгенде көмек берем» деген. Бірақ уақыты келгенде тышқанды келеке қылады. Арыстан өзінің басына қиын жағдай болмастай көреді. Күндердің күнінде аңшы торына ілігіп, халі мүшкіл болады. Тісімен торды қиып, арыстанды босатқан тышқан былай дейді:

Бір ісім түсті менің мына сізге,  
Еттіңіз аяушылық сіз де бізге.  
Осыдан не жақсылық дегендей қылып,  
Ақырын ішіңізден күлдіңіз де.  
Мінекей, сізге ғибрат болсын бұл да,  
Жаратты жанға не қып бізді құдай.  
Сұраймын бұдан былай ұмытпаңыз  
Жақсылық болатынын тышқаннан да [1, б. 265]

Тышқан өзін құдайдың тектен текке жаратпағанын ескертеді. Бар жаратылыстың өз қажеттілігі бар екенін аңғартқысы келеді. Бұл жерден Алтынсариннің ықпалын айқын сезуге болады. Өйткені өлеңмен жазылған мысалдарының көпшілігінде ақын құдайды ауызға жиі – жиі алады. Тышқанды босатып, қоя бергеннен кейін автор «Бұл дүние бірде олай, бірде бұлай, жаратқан ризық беріп жанды құдай» дейді. «Құмырсқа мен көгершін» мысалында болғанды баяндау ғана бар. Суда ағып бара жатқан құмырсқаны көгершін құтқарса, кейіннен сол құмырсқа көгершінді аңшының ауынан құтқарып қалады. Осы мысал жасы кіші балаға түсінікті деуге болады. Жазушы қорытынды жасауды өз ойын жеткізуді баланың өзіне қалдырады, бала өз ойын өзі жеткізеді де дәлелдейді. Мұнда табиғаттағы тірлік дегеннің бәрі суреттеледі. Бұл мысалдың негізгі түйіні негізгі ойы көмек туралы болмақ: «Тіршілік көзі – өзара көмек». Мысалы, ағартушы Ыбырай Алтынсариннің «Мейірімді бала» әңгімесі тәрбиелік мағынаға тұнып тұр десек артық айтпаған болар едік. Қытай жұртында ескі заң бар, біреуді алдаған кісінің қолын кеседі. Бір төре осындай іспен күнәлі болып, әлгі айтылған жазаны беруге тұрғанда, күнәлі төренің жас қыз баласы әкем үшін өзім жауап беремін деп, мәлімдеме жасады. Қызды патшаға алып келісті.

– Тақсыр, патшам, – деді қыз, – менің әкем жазаға лайық болғаны рас, соның үшін қолынан айрылуы керек болды, мінекей, тақсыр, әкемнің қолы, – деп өзінің қолын көтерді. – Бұл қол да менің жазықты болған атамның қолы, бірақ мұнымен бала – шағаларын асырауға шамасы келмейді. Бұйырыңыз, тақсыр, осы нашар қолын кесіп, жұмысқа жарап, бала – шағаларын асырайтын қолын атама қалдыр дейді.

Патша баланың мұнша атасына мейірімділігіне рақымы келіп, төренің күнәсін кешті дейді. [2, б. 2] Екі алып тұлғаның құнды – құнды шығармаларын оқып қарап отырсақ, ұстаз бен шәкірттің көздегені бір екенін байқаймыз. Екеуі де адам бойындағы ізгі қасиеттерді жазып, сол арқылы ұрпақ тәрбиесіне баға жетпес үлес қосқан. Екеуі де жақсы қасиеттер болса, одан үйренуге, жаман қасиеттер болса, одан жиренуге шақырады. Олар баланың бойына тек қана асыл қасиеттерді дарытуға тырысқан Ыбырай Алтынсариннің Атымтай жомарт әңгімесі мен Бай баласы мен жарлы баласы әңгімесі еңбектің пайдасын дәріптейді. Атымтай жомарт өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі – құсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып қара жұмыс қылады екен. Бір күні өзінің жақын, таныстары оның іс – әрекетіне қылған жұмысына таңғалып, білмек болып одан былай деп сұрады дейді:

– Жомарт, құдай бергей дәулетіңіз бар, ашқа – тамақ, жалаңашқа – киім, үйсіздерге – үй, панасызға пана болдыңыз, сөйтіп тұрып өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мағынасы не? – деп сұрайды. Сонда Атымтай Жомарт былай деген екен:

– Төрт түрлі себеп бар. Әуелгісі: әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне бойы әдет етсең, көңілге жел кіргізеді; сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кем – кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын. Екіншісі: бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер әбірет алсын деймін. Үшіншісі: күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір – екі пұлға нан сатып алып жесем де бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен. Төртіншісі: құдайтағаламның берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішсем, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын, – деді. [3, б. 21] Спандияр Көбеевтің Түскі тамақ пен кешкі тамақ әңгімесі Ыбырай Алтынсариннің еңбек туралы әңгімелерінің жалғасы деуге болады. Спандияр Көбеевтің Түскі тамақ пен кешкі тамақ әңгімесінде: Бала түске дейін үйде бос отырды. Түскі асты ішетін уақытта шешесі ет пен сорпа әкелді, бала сорпаны татып көрді де: «Бүгін сорпа дәмсіз екен», – деді. Шешесі айтты: «Бұл дәмсіз болса, кешке дәмді сорпа пісіріп берермін», – деп. Түскі тамақтан соң әкесі шөп тасыды. Баласы аттың басына мініп, шөптің төбесіне шығып, бек шаршап кешке үйіне келді. Кешкі тамаққа түстен қалған сорпаны, нанды дастарқанның үстіне қойды. Баласы сорпаны татып байқады да, айтты: «Түстегі сорпадан мына сорпа дәмдірек» депті. Сонда шешесі айтты: «Бұл түстегі сорпаның қалғаны еді, саған бұл сорпаның дәмді болғаны – сен түстен кейін жұмыс қылып, бек шаршадың. Таңертең ешбір жұмыссыз үйде тек отырған соң, ас саған дәмсіз көрінді», — деп айтады анасы. [4, б. 2]

Бұл әңгімелерден жазушылар арасындағы үндестікті байқауға болады. Екеуі де еңбектің пайдасын дәріптейді. Қандай жағдай болмасын еңбек адамды ең биікке жетелейтінін тілге тиек етеді. Расында да еңбектің арқасында кейіпкерлер түрлі қиындықтардан шығады. Ыбырай Алтынсариннің Бай баласы мен жарлы баласы әңгімесінде бала еңбегі мен өмірден көрген – білгенінің арқасында мұратына жетеді. Ал Атымтай жомарт әңгімесінде еңбек – басқа адамдарға үлгі ретінде суреттелсе, Спандияр Көбеевтің Түскі тамақ пен кешкі тамақ әңгімесінде «Еңбектің наны тәтті» деген мақалды еске түсіреді.

Қорыта айтқанда, екі ұлы қаламгерлеріміздің жазып қалдырған шығармаларынан рухани үндестікті байқауға болады. Олардың екеуі де шәкірттерінің бойына асыл адамгершілік қасиеттерді сіңіргісі келеді. Адам бойындағы игі қасиеттерді биік бағалайды. Мысалдарындағы жануарлар бейнесі арқылы адамның бейнесін жеткізе білген. Қазіргі кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа – адамгершілік – рухани тәрбие беру, оны жас ұрпақтың бойына қалыптастыру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек деп ойлаймын. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда, оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған шығар. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, адалдық яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз – өзіне деген сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады. Рухани – адамгершілік тәрбие – екі жақты болуы керек. Бір жағынан ол үлкендердің, ата – аналардың, ұстаздардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан – тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым – қатынастарынан көрінеді. Адамгершілік тақырыбы – мәңгілік. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру – ата – ана мен ұстаздардың басты міндеті болмақ. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс — тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді. Көрнекті педагог В.Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», – дейді. Демек, шәкіртке жан – жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз [5, б. 52]. Яғни ең басты тәрбиеге жете назар аударуымыз керек. Ұлы бабаларымыз ұрпақтарына зор сенім артып кетіпті. Олардың ұлы арманының жүзеге асқанын бүгінде баршаның көзі жетіп отыр. Қазіргі заманда да Ыбырай атамыз бен Спандияр Көбеевтің шығармалары өз құндылығын жоғалтқан жоқ, қайта шығармаларының мәні тереңдей түсіп халықтың баға жетпес қазынасына айналып отыр. Бала тәрбиесіне қазақ халқы өте көп көңіл бөлген. Оны әрбір өлең, жаңылтпаш, әңгіме, мысалдардан көруге болады. Әр ата – ана баласының жақсы тәлім – тәрбие алғанын қалайтыны белгілі. Аталарымыздың шығармаларын оқып, оны бойымызға сіңірсек, нұр үстіне нұр болар еді. Әр өлеңі мен әр әңгімесінде керемет бір асыл астар жатыр. Қай әңгімесін алсақ та, оқырманына түсінікті әрі қарапайым баршаға түсінікті тілмен жазылған. Бүгінгі жастар әлемдегі өзгерістерден қалт қалмай отырса да, ақын шығармасының нәрі кеткен жоқ. Ақын айтқан тағылымдар білім беру жүйесінде әрі қарай қолданысын тауып келеді. Олардың керемет асыл тағылымдары ұлттық педагогиканың баға жетпес асыл қазынасы болып қала бермек. Олардың керемет шығармалары арқылы әлі де талай ұрпақ сусындап, білім алып, нәр алады. Қазіргі кезде білім беру саласында көптеген өзгерістер болып жатыр. Соның ішінде ұлттық тағылым мәселесіне көп көңіл бөлінеді. Тағлымы бар ұрпақ мәңгі жасайды және ұрпақтар сабақтастығын жалғастырады. Біз ең басты ұрпақ тәрбиесіне баса назар аударуымыз керек. «Ел болам десең, бесігінді түзе» демекші ең алдымен «Тәрбие басын – тал бесіктен» іздеуіміз керек. Екі ұлы тұлғаның жазып қалдырған баға жетпес құралдары күні бүгінге дейін сұранысқа ие болып, ұрпақтың қажеттілігіне жарап жатыр. Осы шығармалармен сусындап талай ұрпақ

өсіп келеді. Біз өз тарапымыздан ақындардың шығармаларын жас ұрпаққа жеткізіп насихаттаушылардың бірі болғанымызға мақтан етеміз. Ұлылардың есімдері ел жүрегінде мәңгі жасай бермек. Ол үшін біз сияқты ұстаздар осы ұлыларымыздың есімдерін ұмытпай, ұрпақ санасына сіңдіріп отырады. Бұл біздің қасиетті парызымыз деп санаймын.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Ыбырай Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы» 1 б.
2. <https://bilim-all.kz/olen/31578-Arystan-men-tyshqan2>; 265 1–2 б.
2. [https://www.zharar.com/kz/story/8650-altynsarin\\_meyirimdi\\_bala.html](https://www.zharar.com/kz/story/8650-altynsarin_meyirimdi_bala.html) 2 б.
3. [https://www.zharar.com/kz/story/8645-altynsarin\\_atymtay.html](https://www.zharar.com/kz/story/8645-altynsarin_atymtay.html). 2 б.
4. Ыбырай Алтынсарин тағлымы. Құраст.: Жармұхамедов М. Алматы, 1991 ж 3 б.

УДК 373

**РАЗВИТИЕ ИДЕЙ ВЕЛИКИХ ПЕДАГОГОВ И.АЛТЫНСАРИНА И С.КУБЕЕВА В СОВРЕМЕННОМ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ ШКОЛЫ**

*Медиубаева Гульбаршин Жабраиловна  
учитель начальных классов  
КГУ «Общеобразовательная школа №14 имени Дм. Карбышева  
отдела образования города Рудного»  
Управления образования акимата Костанайской области  
г. Рудный, Казахстан  
E – mail: mediubaeva1974@mail.ru*

**Аннотация**

*Актуальность и цель. В данной статье показано, что в условиях образования нельзя недооценивать педагогическое наследие выдающихся просветителей, а именно Ы.Алтынсарина, идеи которого созвучны современным процессам системы образования. Одна из задач образования развитие конкурентноспособного ученика, рефлексивного учителя. Эти же задачи решал и сам педагог – просветитель Ы.Алтынсарин.*

*Ключевые слова: И.Алтынсарин, С.Кубеев, образование, школа, наука, поэзия.*

**Аңдатпа**

*Өзектілігі және мақсаты. Бұл мақала білім беру жағдайында көрнекті педагогтардың мұрасын бағаламау дұрыс емес екенін көрсетеді, атап айтқанда Ы.Алтынсариннің идеялары білім беру жүйесінің қазіргі процестерімен үндес келеді. Білім беру міндеттерінің бірі – бәсекеге қабілетті оқушыны, рефлексивті мұғалімді дамыту. Дәл осындай міндеттерді ағартушы – педагог Ы.Алтынсариннің өзі шешкен.*

*Түйінді сөздер: И.Алтынсарин, С.Кубеев, білім, мектеп, ғылым, поэзия.*

**Abstract**

*Relevance and goal: this article shows that in the conditions of education, the pedagogical heritage of outstanding educators, should not be underestimated I.Altynsarin, whose ideas are in tune with the modern processes of the education system. One of the tasks of education is the development of a competitive student, a reflective teacher. The same tasks were solved by the educator himself I.Altynsarin.*

*Key words: I.Altynsarin, S.Kubeev, education, school, science, poetry.*

*«Чувству Родины нельзя научиться  
но нельзя не учить.  
Это сродни обучению писательскому  
или художественному мастерству:  
педагог может и не знать,  
получится ли из его ученика  
творец гениальных композиций,  
но вот привить ему тягу  
к прекрасному, он в состоянии,  
верит в это и одержим этим»  
(Ибрай Алтынсарин)*

«Для Отчизны не жаль и жизни» – говорят в народе. Испокон веков люди уважали тех, кто отдавал свою жизнь Родине, не словами, но делом доказывал любовь к своему народу и родной земле.

Имя И.Алтынсарина знакомо каждому казахстанцу. Ибрай Алтынсарин – казахский педагог – просветитель, писатель, фольклорист, общественный деятель, учёный – этнограф. Автор казахских учебников: «Казахская хрестоматия» и «Начальное руководство к обучению казахов русскому языку»,